



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 6 - кіреберіс
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

010000, город Астана, пр. Мәңгілік Ел, 8
Дом Министерств, 6 подъезд
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

07.12.2017-ғы № 07-1-14/238-Д шығыс хаты
07.12.2017-ғы № кіріс хаты

№

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісіндегі
ҚКХП «Халықкоммунистері»
Фракциясының мүшелеріне**

*2017 жылғы 9 қарашадағы
№ ДС – 269 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды өз құзыреті шегінде қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) күші ұзақ мерзімге жасасқан еңбек шартымен жұмыс істейтін және екі мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтарға, оның ішінде әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты болатын.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес ұзақ мерзімге жасасқан еңбек шарты бойынша еңбек қызметі жүзеге асырылмайды. Осыған байланысты құқық қорғау органдарының бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 сәуірдегі № 327 қаулысымен аталған Келісімнің күші жойылды.

Бұл ретте, Келісімнің 12-бабының 36-тармағына сәйкес оның қолданысы кезінде тағайындалған зейнетақыларды төлеу Келісім күшін жойса да жалғасатынын атап өткен жөн.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Моңғолиядан Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдарға ынтымақты зейнетақы тағайындау кезінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін Моңғолияда жинақталған еңбек өтілі есептелмейді.

Қазақстан Республикасында еңбек өтілі болмаса, көрсетілген адамдар зейнеткерлік жасқа жеткенде оларға мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі беріледі.

Егер олар Қазақстан Республикасында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін жұмыс істеп, жарна аударып отырған болса, жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының қатысуымен 2017 жылғы 23 маусымда өткен V Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы хаттамасының 7-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А. Маминнің төрағалығымен өткен кеңес хаттамасын іске асыру мақсатында қазіргі уақытта Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен (СІМ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині) бірлесіп, Моңғолиямен екі жақты негізде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы өзара іс-қимылды жандандыру мүмкіндігі туралы мәселені пысықтауда.

Осыған байланысты жұмыс тобы Моңғолиядан Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдарды әрбір мемлекет оның аумағында жинақталған еңбек өтілі үшін зейнетақы төлейтін пропорционалдық қағидат шарттарында зейнетақымен қамсыздандыру үшін Моңғолияның нормативтік құқықтық актілерін, екі елдің миграциялық ағындарын зерделеуде.

Атап айтқанда пропорционалдық қағидаты мыналарды көздейді:

1) Қазақстан Республикасы көрсетілген адамдарға зейнетақыны тек Қазақстан Республикасында жинақталған еңбек өтілі үшін ғана төлейді. Бұл ретте, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілі үшін зейнетақы төлемі республикалық бюджеттен, ал 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілі үшін қалыптастырылған жеке зейнетақы жинақтарының есебінен жинақтаушы зейнетақы жүйесінен жүзеге асырылады;

2) Моңғолия аумағында жинақталған еңбек өтілі үшін зейнетақы Моңғолия заңнамасына сәйкес төленеді.

Мұндай қағидат халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және әрбір мемлекет оның аумағында жинақталған еңбек өтілі үшін зейнетақыны ұлттық заңнамада көзделген шарттар мен мөлшерде төлейді. Азамат өзінің еңбегі үшін зейнетақыны басқа елде тұрақты тұрып жатса да алады, бұл оны еңбек қызметін өткерген мемлекеттің азаматтарымен теңдей жағдайларға қояды.

Министр

Т. Дүйсенова

Орын.: С. Дускалиева
Тел.: 74-35-42